«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 23 мамырдағы
№82 шешімімен бекітілді

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы 2013 жыл бойынша есеп

Есепте «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген қағидаттардың сақталуы туралы ақпарат қамтылған.

1. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты (сақталады).

Бұл қағидатқа сәйкес корпоративтік басқару қағидаттары шеңберіндегі Жалғыз акционердің қадалы шешімдер қабылдау құқықтарының іске асырылуы қамтамасыз етіледі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғам Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпарат беріледі; таза пайданы үлестіру тәртібі бекітілгеннен кейін және дивиденд төлеу туралы шешім қабылданғаннан кейін дивидендтер уақтылы әрі толық көлемде төленеді; Жалғыз акционерге берілетін бекітілген есептілік топтамасына сәйкес басқарушылық және қаржылық есептілік уақтылы жіберіліп отырады; қызмет жоспарлары, жетістіктері, проблемалары туралы қосымша мәліметтер, сондай-ақ Қоғам қызметі туралы талдамалық материалдар мен зерттеулер беріледі, акционердің үміті туралы жыл сайынғы хат негізінде акционер үміттерін іске асыру бойынша шаралар қабылданады.

2. Қоғамды Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты (сақталады).

Директорлар кеңесінің қызметі жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен, Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.

Компания Жарғысында ДК мүшелеріне, соның ішінде Компанияның тәуелсіз директорларына қойылатын талаптар айқындалған (33-т.). Сонымен қатар, ДК мүшелеріне қойылатын талаптар «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеу ережесінде айқындалған.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 29 мамырдағы шешімімен айқындалған. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 12 қарашадағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Б.Қ.Жақсыбаевтың өкілеттігі өзі берген өтінішке сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сырттан сарапшылар тарту саясатына сәйкес (29.08.2012 №65 ДК шешімі) ДК мүшелері үшін оқу семинарлары ұйымдастырылды.

Директорлар кеңесі туралы ереже («Самұрық-Қазына» АҚ 14.01.2010 №3-п бұйрығы, 23.09.2009 №10 ДК шешімі) ДК отырыстарының күн тәртібін белгілеу тәртібін, ДК отырыстарын шақыру рәсімін, ДК шешімдер қабылдау және ДК отырыстары хаттамаларымен жұмыс істеу рәсімдерін, сондай-ақ ДК мүшелерінің жауапкершілігін бекітеді.

Қоғамның органдары арасында өкілеттіктерді нақтылау және бөлу, Директорлар кеңесін корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында мынадай нормативтік құжаттарға:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқармасы туралы ережеге;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы туралы ережеге;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар Кеңесінің жұмысын бағалау саясатына;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережесіне;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның Коммерциялық және өзге де қорғалатын құпиясы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының «СҚ Девелопмент» ЖШС-ның қызмет мәселелері бойынша құзыреттерінің бөлінісі айқындалды.

Аудит жөніндегі және Сыйақылар мен тағайындаулар жөніндегі ДК комитеттері жұмыс істейді. Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес ДК Комитеттерінің төрағасы болып тәуелсіз директорлар тағайындалды.

2013 жылы Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді, олардың 9-ы іштей және 1-уі сырттай отырыс, оларда 143 мәселе қаралды (2012 жылы – 12 отырыс өткізіліп, 121 мәселе қаралған). Директорлар кеңесі отырыстарының қорытындылары бойынша 268 шешім қабылданып, 42 тапсырма берілді: Басқармаға – 33, ІАҚ-ға – 5, КХ-ға – 4. 33 тапсырма орындалды, 7 тапсырма ішінара орындалып, жұмыс үстінде, Үлестік қатысу туралы заңға енгізілген өзгерістер күшіне енуіне байланысты 2 тапсырманың орындалуы тоқтатылды.

2013 жылы Директорлар Кеңесі мыналарды қарап бекітті:

1) Жарғылық капиталына «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жүз пайыз қатысатын «СҚ Девелопмент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру. «СҚ Девелопмент» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары айқындалды:

жасыл технологиялар қолданылатын тұрғын үй құрылысы девелопменті;

ҚР-да және шетелде инфрақұрылымдық жобалар құрылысын инвестициялау;

индустриалдық өңірлер мен бизнес парктері девелопменті;

институционалдық және жеке инвесторларды тарту;

2) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның 2011 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі;

3) 2012 жылғы нақты мәліметтер берілген «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің басты қызмет көрсеткіштерінің карталары;

4) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің 2013 жылға арналған басты қызмет көрсеткіштерінің карталары;

5) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй құрылысы жобаларын іріктеу және қарау ережесі жаңа редакцияда;

6) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларын өткізу ережесін мақұлдады;

7) «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-да Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жоспары.

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын ақысыз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақылар және (немесе) шығыстардың өтемақыларын төлеу тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақылар және шығыстарының өтемақыларын төлеу қағидаларымен реттеледі. Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін, күнтізбелік жылдың тиісті жартыжылдығында Директордың жұмыс істеген кезеңіне барабар, жарты жылда бір рет ақшалай нысанда төленетін нақты сыйақыдан және Директорлар кеңесі комитеттерінің ішкі отырысына қатысқаны үшін Комитеттің ішкі отырысы өткен күннен кейінгі айдың ішінде төленетін қосымша сыйақыдан тұрады.

Тәуелсіз директорға тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысына баруымен байланысты шығыстар (жолақы, тұрғынақы, тәулікақы) да өтеледі. Тәуелсіз директорлардың сыйақылар көлемі жылдық есептерде көрсетілген.

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларында корпоративтік басқару диагностикасының әдістемесіне сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік басқару жүйесіне жыл сайын бағалау жүргізеді.

Бағалау нәтижелері бойынша 2013 жылы корпоративтік басқару рейтингі 67,9%-ды құрады, бұл 2012 жылғы бағалаумен салыстырғанда 10,1% тармаққа жоғары. Ішкі аудит қызметі 2013 жылы 12 жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізді, соның ішінде:

- Қоғамның ресурстарын тиімді пайдалануын, сатып алудың белгіленген рәсімдерінің сақталуын бағалау;
- ішкі бақылау жүйесінің, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігін және тиімділігін бағалау;
- корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- сенімгерлік басқару шарттарының орындалуын бағалау;
- құрылыс салушыларға айыппұл санкцияларын салу мен есептеуді талдау,
- персоналды басқару жүйесін, соның ішінде персоналды басқару жүйесінің диагностикасын, кадрлық құжаттаманы қолданыстағы нормативтерге сәйкес бағалау;
- басшы және басқарушы қызметкерлердің ҚНК есептеу дұрыстығын бағалау;
- корпоративтік басқару диагностикасы бойынша акционердің бірыңғай әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару жүйесін бағалау;
- IT инфрақұрылымын бағалау (сараптау).

Аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша ұсыныстар әзірленді, олардың негізінде түзетуші жоспарлар және алдын алу іс-шаралары бекітілді және Жылжымайтын мүлік қорының қызмет тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді мейлінше азайтуға, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған басқарушылық шешімдер қабылданды.

Берілген ұсынымдар негізінде түзету және алдын алу іс-шараларының жоспарлары әзірленді, тиісті басқарушылық шешімдер қабылданды.

Компанияның алқалық атқарушы органы бола тұрып, Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, Директорлар кеңесіне есеп береді және жүктелген міндеттердің орындалғаны үшін олардың алдында жауапты болады.

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде, еңбек шартында айқындалады.

Қоғамда Басқарма туралы ереже (09.06.2009 №3 ДК шешімі, 22.04.2013 №72 ДК шешімімен бекітілген өзгерістері бар) Басқарма қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін, оның құзыретін, жауапкершілігін, құрылу тәртібін, жұмыс тәртібін, шешімдерді рәсімдеу мен отырыстарды хаттамалау тәртібін, Басқарма мүшелерінің жауапкершілігін реттейді. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді және Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды. Жалғыз акционер мен

Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы әрі жедел орындайды. Басқарма отырыстары аптасына 1 реттен сиретпей өткізіледі.

2013 жылы Басқарманың 58 отырысы өткізіліп, оларда 233 мәселе бойынша шешім қабылданды (2012 жылы - 52 отырыс өткізіліп, 220 мәселе қаралды).

2012 жылы Басқарма қараған мәселелердің негізгі топтары:

- тұрғын үй құрылысы жобаларын қараумен, іріктеумен, қаржыландырумен байланысты мәселелер, сондай-ақ тұрғын үй объектілерін салу сатысында туындайтын мәселелер;
- Даму жоспарының орындалуына және түзетілуіне мониторинг жүргізу, Компанияның бюджетіне мониторинг жүргізу және түзету;
- тәуекелдерді басқару, уақытша бос ақшаларды орналастыру мәселелері;
- жылжымайтын мүлікті өткізу, активтерді басқару мәселелері;
- Компанияның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекіту.

Басқарма мынадай құжаттар бекітті:

- «Өз әріптесіңді біл» саясаты;
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі шеңберінде бөлімшелердің өзара әрекеттесу ережесі;
- Қызметтің негізгі көрсеткіштерін және Даму жоспарының көрсеткіштерін факторлық талдау әдістемесі;
- Активтерді басқару жөніндегі бизнес-процестерді реттейтін ереже.

3. Дербес қызмет қағидаты (ішінара сақталады).

Қоғамның қызметі Жалғыз акционердің, Қоғамның мүддесін мейлінше сақтау мақсатында Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне, Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам өз қызметін дербес жүзеге асырады.

Қоғам мен Жалғыз акционер арасындағы мәмілелер мен қатынастар қолданыстағы заңнама («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Басқармасының 05.03.09 №10/09 шешімі, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 14.01.10 №3-б, 26.10.11 №99-б бұйрықтары), Корпоративтік басқару кодексі («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ шешімі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның 06.12.11 №119-б бұйрығы, өзгерістері мен толықтырулары, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Басқарма төрағасының 24.05.2013 №31-б бұйрығы) шеңберінде жүргізіледі.

4. Ақпаратты ашудың айқындығы мен шынайылығы қағидаты (ішінара сақталады).

Аталған қағидатқа сәйкес Қоғам қызметі, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпараттың уақтылы ашылуы қамтамасыз етіледі.

Ақпараттың ашылуы

Ақпаратты ашу туралы ереже бекітілген (03.03.2010 № 21 ДК хаттамасы), онда ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттары, ақпарат ашылатын мүдделі тараптар шеңбері, сондай-ақ түрлі мүдделі тараптардың тізбесі мен оларға ақпаратты ашудың тәртібі, соның ішінде ақпаратты ашудың кезеңділігі мен мерзімдері айқындалды. Ақпаратты ашу туралы ереже корпоративтік веб-сайтта жұртшылыққа қолжетімді орналастырылған.

Қоғамда жылдық есепті шығару жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы кесте жоспары және Ақпаратты корпоративтік веб-сайтта орналастыру қағидалары бекітілген, олар ақпаратты ашудың құрылымды үдерісін қамтамасыз етеді және есептілік нысанын, ақпаратты ашу және беру үшін жауапты органдарды, лауазымды тұлғалар мен функционалдық бөлімшелерді айқындайды.

Ақпаратты ашу туралы ережеде Жалғыз акционерге ақпарат берудің тәртібі бекітілген, онда ақпарат берудің мерзімдері, жауапты құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ ДК, Басқарма мүшелерінің, Қоғамның басқа өкілдерінің ақпаратты ашуының тәртібі көрсетілген. ДК ақпаратты ашудың айқындығы мен тиімділігі туралы есепті Директорлар кеңесі отырысында қарады (26.06.2013 №75 хаттама).

Қоғам мүдделі тұлғалардың кең ауқымына жылдық есеп дайындайды. 2013 жылға арналған Ықпалдастырылған жылдық есепті Жалғыз акционер 16.05.2014 №11/14 бекітті, есеп Қоғамның веб-сайтына орналастырылып, баспада басылып, нысаналы мүдделі тұлғалар арасында таратылды. 2013 жылы Қоғамның 2012 жылға арналған жылдық есебі «Эксперт РА Казахстан» рейтингтік агенттігі өткізетін Жылдық есептер байқауына қатысып, «Қаржы секторындағы Үздік жылдық есеп» номинациясында лауреат дипломымен марапатталды.

Қаржылық және қаржылық емес есептіліктер

Қоғам ХҚЕС-ке сәйкес жылдық, жартыжылдық және тоқсан Сайындық қаржылық есептілік дайындайды. Есептіліктің барлық үш түрі Қоғамның веб-сайтында уақытылы орналастырылады. Жылдық қаржылық есептілік сыртқы аудит рәсімінен өтеді. 2013 жылға арналған жылдық қаржылық есептілік 2014 жылғы 21 ақпанда «Эрнст энд Янг» ЖШС аудитінен өтті.

Сыртқы аудит

Қоғамның 2013 жылға арналған шоғырланған қаржылық есептілігіне сыртқы аудитті «үлкен төрттік» өкілі – «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді, ол Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Қоғамның және оның еншілес компанияларының 2013 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайының, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жылғы қаржылық нәтижелер мен ақша қозғалысының шынайы көрсетілгенін растады. Сыртқы аудитордың 2013 жыл қорытындылары бойынша жасалған ұсынымдары 100% орындалды.

5. Заңдылық және әдеп қағидаттары (сақталады).

Қоғамда Директорлар кеңесі мүшелерін қоса алғанда, Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қолданылатын Іскерлік әдеп этикасы бекітілген (21.04.2010 №26 ДК шешімі, өзгерістер мен толықтырулар енгізу (11.04.2011 №44 ДК шешімі). Іскерлік әдеп кодексін енгізу барысында Қоғамның барлық қызметкерлері онымен қол қоя отырып танысты. Жаңа келген қызметкерлерге құжатты түсіндіру жұмысқа қабылдау кезінде жүргізіледі.

2012 жылғы 4 қазандағы №67 ДК шешімімен Омбудсмен туралы ереже бекітілді және Қоғамның Омбудсмені тағайындалды. Ықтимал немесе белгілі алаяқтық, теріс пайдаланушылық және басқа да заңға қарсы әрекет фактілері туралы хабарлармен жұмыс жөніндегі саясат бекітілген және ол қолданылады, онда Іскерлік әдеп кодексі қағидаларының бұзылуына қатысты шағымдарды жинау мен қарау тетігі көрсетілген (Басқарманың 15.05.2012 № 19/2012 шешімі). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді (Басқарманың 15.09.2012ж. №38/2012 шешімі).

2013 жылы Қоғам қызметкерлерінің Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері болған жоқ. Сондай-ақ Компанияның қызметкерлері тарапынан және мүдделі тараптардан Іскерлік әдеп кодексінің, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы туралы арыздар мен хабарламалар тіркелген жоқ.

6. Тиімді дивидендтік саясат қағидаттары (сақталады).

Дивиденд төлеу Қоғамның 2011-2013 жылдарға арналған дивидендтік саясатымен реттеледі (02.07.2011 №49 ДК хаттамасы). Дивидендтік саясатта дивиденд төлеу қағидаттары, оны айқындау тәртібі мен төлеу мерзімдері көрсетілген. 2012 жыл ішінде

дивиденд мөлшері Қоғамның таза пайда сомасының 15%-ын құрады («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 22/13 хаттамасы).

7. Тиімді кадр саясаты қағидаттары (сақталады).

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы саясат қолайлы еңбек жағдайларын жасауға, қызметкерлер өмірінің сапасын жақсартуға, олардың біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған. Кадр саясаты (11.04.2011 №44 ДК хаттамасы); Бос қызмет орындарына конкурстық іріктеу ережесі (Басқарманың 2011 жылғы 6 сәуірдегі №19/2011 хаттамасы); Қоғамның кадрлар резервін құру және онымен жұмысты ұйымдастыру ережесі (Басқарманың 2011 жылғы 6 сәуірдегі №19/2011 хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлерге еңбекақы және сыйлықақы төлеу ережесі (10.07.2013 №76 ДК хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басшы және басқарушы қызметкерлердің, ІАҚ жетекшісінің және корпоративтік хатшының қызметін бағалау және оларға сыйлықақы төлеу ережесі (10.07.2013 № 76 ДК хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлерді кәсіптік оқыту және дамыту ережесі (Басқарманың 20.11.2012 №46/2012 хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережесі (27.07.2009 №6 ДК хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне толықтырулар (15.02.2010 №20 ДК хаттамасы); «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне толықтырулар (10.07.2013 №76 ДК хаттамасы).

Әкімшілік қызметкерлердің ҚНК карталары, сондай-ақ басшы және басқарушы қызметкерлердің KPI көрсеткіштері жыл сайын бекітіледі (2013 жылға арналған ҚНК 24.12.2012 №69 ДК шешімімен бекітілді).

Қызметшілерді іріктеу жүйесі шеңберінде бос қызмет орнына ашық конкурс өткізіледі.

2013 жылы 15 бос қызмет орнына 15 конкурс өткізілді. Конкурсқа 61 үміткер қатысты. Конкурс нәтижелері бойынша 15 адам жұмысқа қабылданды, 8 қатысушы кадрлар резервіне қойылды.

Жылжымайтын мүлік қорының кадрлар резервін құру Кадрлар резервін құру және онымен жұмысты ұйымдастыру ережесімен реттеледі. Жеке жоспарларына сәйкес Қызметкерлердің мансаптық өсуді жоспарлауына мүмкіндік беретін кадрлар резерві жүйесі Қордың ішкі кадрлар резервінен және Жалғыз акционердің Бірыңғай кадрлар резерві бағдарламасынан тұрады.

2013 жылы әкімшілік қызметкерлерді қорытынды бағалау нәтижесі бойынша 15 адамды кадрлар резервіне қосылды.

Қоғамда Қоғам қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

Әкімшілік қызметкерлердің мақсат карталары мен жеке даму жоспарлары бекітіледі, мақсаттардың тиімділігіне мониторинг жүргізу және түзету жүйесі енгізілді.

2013 жылы 33 қызметкер сәйкесінше оқу мен біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Персоналды дамытуға арналған шығыстар 2013 жылы 12992 мың теңге болды.

2013 жылы кадрлардың кету көрсеткіші өткен жылғы деңгейде сақталды – 22%.

Қызметкерлерді жігерлендіру үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесі бар. Материалдық ынталандыру жүйесі шеңберінде әкімшілік қызметкерлер үшін қызметкердің нәтижелілігінің бағалануына байланысты бір лауазымдық жалақыдан аспайтын мөлшерде тоқсан сайынғы сыйлықақы төлеу жүйесі енгізілген. Материалдық емес ынталандыруға ұлттық деңгейде берілетін наградалар, Жалғыз акционердің және Жылжымайтын мүлік қорының наградалары жатады. 2013 жыл қорытындылары бойынша үздік қызметкерлер Жылжымайтын мүлік қорының құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қоғамның Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне сәйкес сауықтыруға, балалы болуына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты және т.б. материалдық көмек көрсетіледі. 2013 жылы әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік қолдау мөлшері 126,4 млн.теңге болды, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен 22% жоғары.

8. Қоршаған ортаны қорғау қағидаты (сақталады).

Қоғамда Экологиялық саясаты бекітіліп, орындалады (Басқарманың 27.06.2012 №26/2012 шешімі).

Қоғам қоршаған ортаға мейлінше ұқыппен қарау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану қағидатын сақтауға тырысады, қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуға ықпал етеді, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар жасайды, экологиялық таза және энергия үнемдейтін технологияларды дамыту мен таратуға үлес қосады.

Компанияның 2014-2023 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясына сәйкес энергетикалық және материалдық ресурстардың тұтынылуын азайту арқылы қоршаған ортаға әсерді мейлінше төмендетуге, сондай-ақ ғимараттардың сапасын және тұрғын үй жайлылығын арттыруға бағытталған «жасыл» құрылысты дамыту Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі болмақ.

2013 жылы Жылжымайтын мүлік қоры Астанада ««Жасыл орам» жобасын іске асыруды бастады.

9. Корпоративтік дауларды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты (сақталады).

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары өздеріне (немесе өзімен байланысты адамдарға), басқаларға қатысты да мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларды болдырмайтындай тәртіппен жүруі тиіс.

Корпоративтік дауларды және Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бекітіліп, жұмыс істейді (24.10.2012 №67 ДК шешімі), Қоғамның Жарғысына ДК және Басқарма мүшелеріне бәсекелес компаниялардың ДК құрамына кіруіне және атқарушы лауазымдарды қоса атқаруға тыйым салуды, басқа ұйымдардағы жұмысын және ДК мүшелігі қызметін қоса атқаратыны және ДК алдын ала хабардар етуді көздейтін өзгерістер енгізілді (№39/12 02.10.2012г.).

Осы саясатқа сәйкес Компанияның барлық лауазымды тұлғалары және қызметкерлері мүдделер қақтығысына немесе оны тудыруға алып келу ықтималы бар іс-қимылдардан тартынуға, мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша шешім қабылдаудан тартынуға, тікелей басшы мен жауапты бөлімшеге мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы ақпаратты хабарлауға, Компания туралы құпия ақпаратты жарияламауға міндетті.

Қоғамда омбудсмен тағайындалды, оның міндетін Корпоративтік хатшы атқарады. Омбудсменнің функциясына мүдделер қақтығысын реттеу, Іскерлік әдепкодексінде бекітілген қағидаттардың бұзылу рәсімдерін қарау кіреді.

Компанияда Іскерлік әдеп кодексі ережелерінің бұзылғаны туралы мәліметтерді жинау мен құпия түрде қараудың тетігі жұмыс істейді. Осы тетік ықтимал немесе белгілі алаяқтық, теріс пайдаланушылық фактілері және басқа да заңға қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламалармен жұмыс жөніндегі саясатта бекітілген.

2012 жылы Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлерінің Іскерлік әдеп кодексі және Мүдделер қақтығысын реттеу саясатын бұзу фактілері анықталған жоқ.

Сондай-ақ Компания қызметкерлері және мүдделі тараптар жағынан Іскерлік этика кодексін, Мүдделер қақтығысын реттеу саясатын, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны туралы шағымдар мен хабарлар тіркелген жоқ.

10. Жауапкершілік қағидаты (сақталады).

Қоғам барлық мүдделі тараптармен теңгерімді қатынастар орнатуға тырысады. Стейкхолдерлер картасы бекітілген және ол қолданылады (Басқарманың 15.05.12 №19/2012 шешімі). Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік жөніндегі іс-шаралардың 2014 жылға арналған жоспары бекітілді (Басқарманың 11.02.2014 №05/2014 шешімі).

Акционер/құрылтайшы ретіндегі өз құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғам Заңнаманың, Жарғының, Кодекстің және Қоғамның ішкі құжаттарының, еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғыларының талаптарына сәйкес еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара қарым-қатынастар жасайды.

Қоғам іскер әріптестерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық, өзара пайда, құрмет, сенім, әділдік және адалдық негізінде өзара әрекеттеседі. Қоғам заңды қызметпен айналысатын сенімді іскер әріптестермен ғана істер жүргізеді. Қоғам қызмет көрсету стандарттарын және көрсетілетін қызметтердің сапасын ұдайы жетілдіруге тырысады; өзара қарым-қатынастарда Жылжымайтын мүлік қорының Іскерлік әдеп кодексіне, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес құрмет және адалдық танытады; жалпы қабылданған моральдік-әдеп нормаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Қоғамның Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы және орнықты даму аясындағы негізгі қызмет аспектілері саласындағы қағидаттарды іске асыру мақсатында Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы ереже (29.08.2012 №65 ДК шешімі) бекітілді. Қоғам жыл сайын орнықты даму саласындағы есепті GRI жетекшілігіне сәйкес дайындайды. Орнықты даму саласындағы есептер Қоғамның ықпалдастырылған жылдық есептеріне қосылады және корпоративтік веб-сайтта жарияланады.